

Ордабасы ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 4/2 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 3 мамырда N 14-8-127 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 12/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 31.01.2013 № 12/2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ордабасы ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға, біржолғы 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттардың ішінен 80 жастан асқан адамдарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Женіс күніне орай - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, олардың жесірлеріне, біржолғы 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, және де Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген азаматтарға, біржолғы 1,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Қарттар күніне орай - жалғызлікті қарттар мен мүгедектерге, біржолғы 1,5

аілдық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Мүгедектер күніне орай – мұқтаж мүгедектерге, біржолғы 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) жеке оңалту бағдарламасы бойынша мұқтаж мүгедектерге қоларбамен қамтамасыз етуге, біржолғы:

серуендеуге арналған қоларбаға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; бөлмеге арналған қоларбаға 20,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; жасөспірімдерге және мүгедек балаларға 20,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) жекелеген санаттағы азаматтарға сауықтыру орындарына жолдама алу үшін, бір жолғы 37 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) адам қорғаныш тапшылығының қоздырығышын жүқтывран балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай, ай сайын 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) Балаларды қорғау күніне орай - үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған мүгедек балаларға, біржолғы 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жүқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, онкологиялық ауруларға шалдықкан тұлғаларға, табыстарын есепке алмай және де өмірлік қызын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген отбасыларға, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) жан басына шаққандағы орташа айлық табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға ірі қара мал алу үшін біржолғы 92 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2012.10.10 № 8/1 Шешімімен.

2. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес анықталын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы К.Кулсариеев

Аудандық мәслихат хатшысы П.С.Жұрман

Ордабасы аудандық мәслихатының
2012 жылғы 16 сәуірдеғі

№ 4/2 шешіміне қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Әлеуметтік көмектің барлық түрлері үшін:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұлғаның өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының салық төлеуші куәлігі;
- 4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;
- 6) алушының занды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат және занды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Әлеуметтік көмектің басқа түрлерін тағайындау үшін мына құжаттар қоса беріледі :

1) жекелеген санаттағы азаматтарға табыстарын есепке алмай, сауықтыру орындарына жолдама үшін:

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;
учаскелік дәрігердің медициналық картасынан үзінді;

2) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға, мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін :

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға, адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтүрган балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай және өмірлік қызын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген отбасыларға:

емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;
ауыл округі әкімі жаңындағы участкелік комиссияның актісі.

3. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК